

ҮЗДІК геологтар



Лин Ван Горп

Жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Earth and Space Science Readers: Үздік геологтар

Publishing Credits

Editorial Director

Dona Herweck Rice

Creative Director

Lee Aucoin

Associate Editor

Joshua BishopRoby

Illustration Manager

Timothy J. Bradley

Editor-in-Chief

Sharon Coan, M.S.Ed.

Publisher

Rachelle Cracchiolo, M.S.Ed.

Science Contributor

Sally Ride Science

Science Consultants

Nancy McKeown,

Planetary Geologist

William B. Rice,

Engineering Geologist

Teacher Created Materials

5301 Oceanus Drive

Huntington Beach, CA 92649-1030

<http://www.tcmpub.com>

ISBN 978-0-7439-0558-9

© 2007 Teacher Created Materials, Inc.

Мазмұны

Карталар мен глобустар.....	4
Ғылымға жол салу.....	8
Картаны өзгерту	18
Табиғат сұлулығын қорғау	22
Геолог: Диана Эванс	26
Қосымша.....	28
Зертханалық жұмыс	28
Сөздік.....	30
Индекс	31
Sally Ride Science.....	32
Суреттер дереккөзі	32

Карталар мен глобустар

Картаға түсіру – өнердің бір түрі. Ең алғашқы карталар мыңдаған жыл бұрын жасалған. Олар адамға жаңа жерлерді танып, білуге көмектесті. Ал жерді зерттейтін ғалымдар үшін басты дереккөзге айналды.

Герардус Меркатор – осы уақытқа дейінгі ең танымал карта жасаушылардың бірі әрі бірегейі. Ол 1512 жылы Бельгияда дүниеге келген. Және оның ең үлкен қызығушылығы география болды.

Меркатор жез табақтар жасайтын оюшы болғанымен, географияға деген қызығушылығын да пайдаланудың жолын тапты. Ол Глобусты тағы екі адаммен бірігіп жасаған болатын. Кейін Палестинаның картасы мен әлем карталарын жасап жатқанда жалғыз өзі жұмыс істеді. Ғалым оларға кескін карталар деген атау берді. Меркатор сызған әлем картасында жер шары тегіс етіп бейнеленген.

Дегенмен Меркатор жасаған картадан қате шықты. Картада полюстерге жақын орналасқан жерлердің пішіні мен өлшемі дұрыс емес көрсетілген. Еуропа мен Солтүстік Америка Африкадан үлкен етіп сызылған. Ал шын мәнінде, Африка екеуінен де әлдеқайда үлкен!




↑ Герардус Меркатор

ертедегі кескін карта →

Классикалық жер бедері

Сіз тіпті ежелгі гректер мен римдіктердің де жер бедерін зерттегенін білесіз бе? Олар айналасындағы жерде болып жатқан өзгерістерді көріп, жазып отырған. Олардың жазған жұмыстары көбінесе эрозия мен жер сілкінісі туралы мәліметті қамтыды.



Polus
Arcticus.

Эллен Черчилль Семпл (1863–1932)

Эллен Семпл Американың Кентукки штатында дүниеге келген. Ол бала күнінен тарих пен саяхат туралы кітаптар оқығанды ұнататын. Өсе келе оның қызығушылығы географияға ауысып, Германияға көшуге шешім қабылдайды. Ол жергілікті тілді үйрену үшін неміс отбасымен бірге тұра бастайды. Германия ол кезде әйелдердің мектепті бітіруіне жол бермейтін. Дегенмен, Эллен дәрістердің бәріне қалмай қатысып, қолынан келгенше білім алды.

Америкаға оралғаннан кейін, ол оқуын өз күшімен жалғастырды. Уақыт өте келе Чикаго университетінде сабақ берді. Сонымен қатар неміс географтарының жұмыстарын ағылшын тіліне аударып, өз кітаптарын да жазды. Кітаптарында географияның адамдардың өміріне қалай әсер ететінін көрсетеді. Солайша Семпл Америкадағы ең алғашқы ықпалды географ әйел ретінде танымал болды.

